



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 6 қазан

Банктер мүлікті жария ету акциясы басталғаннан бері 4 мыңнан астам шот ашты – ҚР Ұлттық Банкі

ҚР Ұлттық Банкінде мүлікті жария ету акциясын өткізу барысы туралы хабарлады. Қаржы реттеушісінің деректері бойынша, акцияның 2014 жылғы 1 қыркүйек – 2016 жылғы 30 қыркүйек аралығында қолданылу кезеңі ішінде банктер шамамен 1 814 млрд. теңге сомаға 4011 банк шотын ашты.

«Салыстыру үшін мүлікті жария ету акциясы басталғаннан бері (2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап) және Рақымшылық жасау туралы заңға өзгерістер енгізілгенге дейін (2015 жылғы 29 қарашаға дейін) жария ету субъектілері 181 шот ашты, оған шамамен 84 млрд. теңге енгізілді», - деп хабарлады ҚР ҰБ.

Сонымен бірге жария ету талаптары жеңілдетілген сәттен бастап өткен он ай ішінде азаматтар қосымша 3830 шот ашып, 1 730 млрд. теңгеге жуық енгізді. Осылайша, бүкіл ақшаның 95%-ы мүлікті жария ету талаптарын жеңілдетуге бағытталған түзетулерді қолданысқа енгізгеннен кейін жария етілді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің деректері бойынша, ағымдағы жылғы 1 қыркүйек – 30 қыркүйек аралығында 978 банк шоты ашылды, оларға 266 млрд. теңгеден астам енгізілді. Жария етуге Алматы қ., Астана қ., Атырау, Ақтөбе, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарының халқы (республика бойынша жария етілетін ақшаның жалпы сомасынан 97,5%) барынша белсенді қатысуда.

«Ұлттық Банк ақшаны жария ету мәселелері бойынша БАҚ-та және Интернет ғаламдық желісінде белсенді ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізуді жалғастыруда. Азаматтарға жария ету туралы қажетті ақпарат беру сапасын бақылау, сондай-ақ арнайы шоттарды ашу және оларға тұрақты негізде ақша салу конфиденциалдылығын қамтамасыз ету үшін банктердің филиалдарымен және дербес басқару орталықтарымен жұмыс жүргізілуде», - деп атап өтті ҚР Ұлттық Банкі.

Облыстар бойынша ақпарат (2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша)

Қала, облыс атауы	Есепті кезеңдегі операциялар		алдыңғы аймен салыстырғанда (%)
	шоттар ашылды, бірлік	шоттарға енгізілді (мың теңге)	
Астана қ.	447	147 200 417	29%
Алматы қ.	1 947	1 501 334 995	15%
Ақмола облысы	39	9 942 412	136%
Алматы облысы	15	746 517	201%
Ақтөбе облысы	115	18 667 162	11%
Атырау облысы	39	16 408 047	5%
Шығыс Қазақстан облысы	27	3 138 721	8%
Батыс Қазақстан облысы	65	3 583 973	86%
Жамбыл облысы	59	6 679 107	24%
Қостанай облысы	119	4 475 786	15%
Қарағанды облысы	263	38 653 442	14%
Қызылорда облысы	166	1 910 505	503%
Маңғыстау облысы	13	2 962 625	17%
Павлодар облысы	44	3 536 884	63%
Солтүстік Қазақстан	34	9 105 892	4%
Оңтүстік Қазақстан облысы	619	45 432 150	37%
Жиынтығы:	4011	1 813 778 636	17%

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 2704697

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz